



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

**Минимал резерв талаптары – ақша-кредит
саясатының бір құралы:
әлем тәжірибесі және қолдану ерекшелігі**

Ақша-кредит саясаты департаменті

№ 2025 -1 талдау жазбасы

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – ҚҰБ) жүргізетін экономикалық зерттеулер мен талдау жазбалары ҚҰБ зерттеулерінің нәтижелерін, сондай-ақ ҚҰБ қызметкерлерінің басқа да ғылыми-зерттеу жұмыстарын тарату үшін әзірленеді. Экономикалық зерттеулер пікірталас тудыру мақсатында таратылады. Бұл жұмысты ҚРҰБ Монетарлық саясат басқармасының қызметкерлері (АКСД) әзірледі.

Минимал резерв талаптары – ақша-кредит саясатының бір құралы: әлем тәжірибесі және қолдану ерекшелігі.

2025 жылғы қаңтар

NBRK – WP – 2025 – 1

Минимал резерв талаптары – ақша-кредит саясатының бір құралы: әлем тәжірибесі және қолдану ерекшелігі

Аннотация

Бұл талдау жазбасында Қазақстан мен аймақтағы елдердің минималды резерв талаптарын (МРТ) ақша-кредит саясатының құралы ретінде қалай қолданатынына талдау жасалған. Ол Валюталық саясат жөніндегі консультативтік кеңес (ВСКК) отырысының қатысушылары ұсынған жауаптарды негізге ала отырып әзірленді.

Қазақстанда МРТ қатаң реттеу құралынан өтімділікті басқаруға бағытталған икемді механизмге айналғаны байқалады. Алайда, қазір банктерде артық өтімділік жиналып жатыр, сондықтан МРТ-ға деген көзқарасты қайта қарау қажет. Қазақстандағы МРТ нормативтері көрші елдерге қарағанда әлдеқайда төмен, сондықтан олар өтімділікті басқару және долларлануды азайту бойынша тиімді бола алмайды. Салыстыра жүргізілген талдау көрсеткендей, Армения, Беларусь, Қырғызстан, Ресей және Өзбекстан сияқты елдерде МРТ нормативтері жоғарырақ және олар пайыздық мөлшерлемелердің тұрақтылығын қамтамасыз ету мен банк жүйесінің беріктігін арттыру сияқты нақты мәселелерді шешуге бағытталған.

Халықаралық тәжірибе, соның ішінде Халықаралық валюта қорының (ХВҚ) ұсыныстары, МРТ-ны өзгерген экономикалық жағдайларға бейімдеу қажет екенін көрсетеді. Валюта түріне қарай әртүрлі талаптар белгілеу және аймақтық ерекшеліктерді ескеру олардың тиімділігін арттырады.

Қазақстанға МРТ жүйесін жаңарту аса маңызды. Бұл өтімділікті тиімді басқаруға, баға тұрақтылығын сақтауға және қаржы жүйесінің тұрақтылығын нығайтуға көмектеседі.

Кілт сөздер: Қазақстан Ұлттық Банкі, ақша-кредит саясаты, минимал резерв талаптары, нормативтер.

JEL классификациясы: E58, E52, G21, B15

Мазмұны

Кіріспе.....	5
Қазақстандағы МРТ.....	6
Басқа елдердің тәжірибесі	7
I. МРТ-ның маңызы мен мақсаты.....	7
II. Ақша нарығының сипаттамасы.....	7
III. МРТ-ның кейінгі өзгерістері	8
IV. МРТ стандарттарының қазіргі деңгейлері	8
V. МРТ нормативтерінің деңгейін анықтау.....	9
VI. Резервтегі активтер.....	9
VII. Нормативтерді дифференциациялау.....	10
VIII. Анықтау және қалыптастыру кезеңдері	10
IX. Резервтегі активтердің сыйақысы	11
X. МРТ сақтамағаны үшін қарастырылатын санкциялар.....	11
XI. МРТ-ның кредиттеуге әсері.....	11
XII. МРТ-ны заң аясында реттеу	13
Қорытынды.....	14
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	15

Кіріспе

Минимал резерв талаптары (МРТ) – орталық банктер өтімділікті реттеу және қаржылық тұрақтылықты қолдау үшін қолданатын дәстүрлі және ең әмбебап ақша-кредит саясаты (АКС) құралының бірі. Халықаралық валюта қоры (ХВҚ) МРТ-ға қаржы ұйымдарын орталық банктегі шоттарында белгілі бір мөлшерде қаражат сақтауға міндеттейтін механизм деген анықтама береді. Бұл құрал бірден бірнеше функцияны атқарады: өтімділік пен ақша нарығындағы ставкаларды реттеу, қаржы ұйымдарына арналған өтімділік буферлерін құру (макропруденциялық мақсат), бүкіл жүйедегі сын-қатерге деген төзімділігін арттыру (макропруденциялық мақсат), сондай-ақ әртүрлі экономикалық режимдер кезіндегі АКС тиімділігіне жағдай жасау.

ХВҚ-ның ақша-кредит саясаты операциялары мен құралдары жөніндегі (MOID) дерекқорына сәйкес, 2018 жылға дейін 125 орталық банктің 116-сы МРТ-ны әйтеуір бір түрде қолданған. Бұл олардың экономика мен қаржы жүйесінің ерекшелігіне бейімделетінін, сол себепті кеңінен қолданылатын құрал екенін дәлелдейді. Алайда, МРТ-ны іске асыру тәсілдері әр елдегі ерекшеліктерге байланысты әртүрлі болады. Мысалы, долларлану деңгейі жоғары Өзбекстанда шетел валютасындағы міндеттемелерге неғұрлым қатаң нормативтер қолданылады, бұл валюта тәуекелдерін төмендетуге мүмкіндік береді. Ресейде дифференциалды нормативтер ішкі өтімділікті қолдау және ақша нарығындағы пайыздық мөлшерлемелердің құбылмалылығын төмендету үшін қолданылады. Бұл мысалдар МРТ-ны дифференциалды түрде пайдалану әртүрлі елдер экономикасының ерекше мәселелерін шешуге мүмкіндік беретінін көрсетеді.

Көптеген дамушы экономика сияқты Қазақстан да минималды резерв талаптарын (МРТ) өтімділікті реттеу және ақша нарығындағы пайыздық ставкаларды басқару құралы ретінде қолданады. Бастапқыда МРТ өтімділік қорларын құруға және жүйелі сын-қатерді азайтуға бағытталған қатаң макропруденциялық механизм ретінде қызмет етті. 2015 жылы инфляциялық таргеттеуге көшуімен бірге МРТ негізінен монетарлық құрал ретінде қайта қарастырылды.


2019 жылы резерв базасының құрылымы мен нормативтер жеңілдетілді. Алайда, қазіргі жағдайда жеңіл нормативтер МРТ-ның тиімділігін шектейді, бұл құрылымдық өтімділікті басқару, долларлануды азайту және қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету сияқты маңызды міндеттерді шешуді қиындатады.

Халықаралық тәжірибе мен ХВҚ ұсынымдары МРТ-ны қазіргі экономикалық жағдайларға бейімдеудің маңызды екенін көрсетеді. Негізгі даму бағыттарының бірі – міндеттемелердің мерзіміне қарай бірыңғай тәсіл енгізу. Армения, Беларусь, Қырғызстан, Ресей және Өзбекстан сияқты елдерде МРТ құрылымдық өтімділікті реттеу, АКС-тың операциялық мақсаттарын қолдау және ақша нарығындағы құбылмалылықты реттеу үшін белсенді түрде қолданылады. Бұл тәсілдер Қазақстанға МРТ қолдану саясатын қайта қарастыру кезінде пайдасын тигізуі мүмкін.

Бұл талдау жазбасын әзірлеудегі мақсат – Қазақстандағы МРТ қолдану тәжірибесін саралау, оның халықаралық стандарттарға сәйкестігін бағалау және бұл құралды жетілдіруге қатысты ұсыныстар әзірлеу. Нормативтерді қайта қарау, әртүрлі мерзімдегі міндеттемелерге бірыңғай тәсіл енгізу және МРТ-ның баға мен қаржы тұрақтылығын қамтамасыз етудегі рөлін арттыру мәселелеріне баса назар аударылады. Өңір елдерінің тәжірибесі мен ХВҚ ұсынымдары негізге алынған бұл құжатта АКС тиімділігін арттыруға бағытталған шешімдер ұсынылған.

Қазақстандағы МРТ

Қазақстанда МРТ 30%-дық қатаң макропруденциялық құралдан АКС құралына айналды, мұндағы басты мақсат – оны АКС-ның жалпы құралдарымен қатар банк секторының өтімділігін тиімді басқаруға қолдану (1-сурет).



Банктер МРТ-ны орташа межені есептеу қағидаты бойынша орындайды. МРТ-ны анықтау және резервтегі активтерді қалыптастыру кезеңдері бір-біріне тікелей жалғасып, 28 күнтізбелік күнге созылады.

МРТ анықтау кезеңінде банктердің міндеттемелері негізінде қажетті сома есептеледі, ал резервтік активтерді қалыптастыру кезеңінде бұл қаражат банктердің Ұлттық Банктегі корреспонденттік шоттарына және кассадағы қолма-қол ақша түрінде орналастырылады. Резервтік активтер тек ұлттық валютада қалыптастырылады. Сонымен қатар, банктер кассадағы қолма-қол ақша есебінен МРТ-ның 50%-ынан аспайтын мөлшерін орындай алады.

Қазіргі уақытта міндетті резервтеуге жататын міндеттемелер мерзімі мен валютасы бойынша 4 түрге бөлінеді және мынадай нормативтер белгіленген:

- Ұлттық валютадағы қысқа мерзімді міндеттемелер – 2%;
- Ұлттық валютадағы ұзақ мерзімді міндеттемелер – 0%;
- Шетел валютасындағы қысқа мерзімді міндеттемелер – 3%;
- Шетел валютасындағы ұзақ мерзімді міндеттемелер – 1%.

Басқа елдердің тәжірибесі

I. МРТ-ның маңызы мен мақсаты

МРТ-ның негізгі рөлі – банк жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету және өтімділікті басқару, макро- және микропруденциялық міндеттерді бір уақытта орындау. Бұл өтімділік буферлерін құрып, жүйелі сын-қатерді төмендетуге және АКС-ның операциялық мақсаттарына қол жеткізуге ықпал етеді. Бұл ерекшеліктер МРТ-ны әсіресе тұрақсыз макроэкономикалық жағдайда орталық банктер үшін маңызды құралға айналдырады.

МРТ қолдану мақсаттары экономиканың және қаржы нарығының ерекшеліктеріне байланысты айтарлықтай өзгеруі мүмкін. Мысалы, долларлану деңгейі жоғары елдерде МРТ валюталық тәуекелдерді азайту үшін қолданылады, ал ақша нарығы дамыған экономикаларда олардың негізгі міндеті – пайыздық ставкаларды реттеу. Қарама-қайшы тәсілдерге қарамастан, МРТ әмбебаптығы мен икемділігінің арқасында әлі де өзекті.

Ары қарай әр елдің МРТ-ны қолдану тәжірибесін талдау үшін олар қолданатын тәсілдерге жеке-жеке тоқталамыз.

Армения Республикасы. 2006 жылдан бастап Армения Орталық банкі (АОБ) инфляцияны таргеттеу режиміне көшті. МРТ-ны қолданудағы басты мақсаты – құрылымдық өтімділікті басқару және макро/микропруденциялық реттеу. АОБ шетел валютасындағы міндеттемелер үшін міндетті резервтерді біртіндеп енгізіп жатыр. Бұл резервтер банк жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін қажетті валюталық қорларды құруға бағытталған. МРТ дәстүрлі емес құрал саналады және АКС мақсаттарына тек негізгі құралдың (қайта қаржыландыру ставкасы) әсері шектеулі болған жағдайда ғана қолданылады.

Беларусь Республикасы. Қолданыстағы монетарлық таргеттеу режимі аясында МРТ ақша ұсынысының өсу қарқынын реттеу құралдарының бірі ретінде қызмет етеді. Тағы бір маңызды функциясы – экономиканы девальютизациялау. Белгілі бір жағдайларда, мысалы, беларусь рублінің күрт өзгеруі сияқты шоктар кезінде, МРТ банк секторының құрылымдық өтімділігін реттеу үшін де қолданылады.

Қырғыз Республикасы. МРТ ақша-кредит саясатының құралы саналады және банк жүйесіндегі өтімділіктің жалпы деңгейін, қысқа мерзімді пайыздық мөлшерлемелерді және ақша агрегаттарының көлемін реттеу үшін пайдаланылады.

Ресей Федерациясы. МРТ-ның негізгі мақсаты – Ресей Банкінде кредит ұйымдарының корреспонденттік шотындағы қаражатқа тұрақты және болжауға келетін сұраныс қалыптастыру. Бұл ақша нарығындағы ставкалардың құбылмалылығын азайтуға, Ресей Банкінің пайыздық саясатының тиімділігін арттыруға және операциялық мақсатқа – қысқа мерзімді ақша нарығындағы ставкаларды (RUONIA) негізгі ставкаға жақын ұстауға ықпал етеді. Сонымен қатар, МРТ банктер балансын девальютизациялау үшін де қолданылады.

Өзбекстан Республикасы. МРТ ақша нарығындағы ставкаларды реттеу құралы ретінде пайдаланылады. Сондай-ақ, шетел валютасындағы міндеттемелер үшін МРТ нормативтері банктердің міндеттемелерін ішінара долларсыздандыру мақсатында қолданылады.

II. Ақша нарығының сипаттамасы

Ақша нарығының құрылымында өтімділік профицит немесе дефицит болуы мүмкін, бұл МРТ конфигурациясына тікелей әсер етеді. Өтімділік профициті АКС трансмиссиясын әлсіретіп, пайыздық мөлшерлемелерді реттеуді қиындатады, сондықтан артық өтімділікті сіңіру үшін МРТ қолдану қажет болады. Ал өтімділік тапшы болса, МРТ-ның рөлі ең төменгі өтімділік буферлерін сақтауға және банктердің тұрақтылығын нығайтуға бағытталады.

Армения мен Ресейден басқа өңірдегі көптеген қаржы нарығы құрылымдағы өтімділік профициті жағдайында жұмыс істейді.

Арменияда ақша нарығында құрылымдық өтімділік тапшылығымен бар.

Ресейде 2024 жылдың аяғындағы жағдай бойынша банк секторы өтімділік профициті мен тапшылығының аралығында тұр.

III. МРТ-ның кейінгі өзгерістері

МРТ АКС-ның жедел құралдарына жатпайды. Олар салыстырмалы түрде сирек қайта қаралады, өйткені өзгеріс енгізу үшін жіті талдау мен көп уақыт қажет. Өңір елдерінде жасалған МРТ түзетулері стратегиялық міндеттерді шешуге бағытталған. Олардың негізгі басымдықтары – дедолларизация, өтімділікті басқару және қаржылық тұрақтылықты нығайту. Ары қарай әр елдегі МРТ-ның кейінгі өзгерістері келтірілген.

Армения Республикасы. МРТ нормативтері қажеттілікке қарай өзгертіліп отырады. Кейінгі үш жылда шетел валютасындағы міндетті резервтер бойынша нормативтер өзгерді, бұл банктер тартқан қаражатқа байланысты АР ОБ міндетті резервтеу жүйесін енгізу мақсатында жүзеге асырылды. Болашақта ОБ міндетті резервтерді орындау толықтай шетел валютасында жүргізілуі үшін есептеу тәртібін өзгертуді жоспарлап отыр.

Беларусь Республикасы. 2024 жылы шетел валютасында тартылған қаражат бойынша міндетті резервтер нормативтері екі рет (1 қаңтар және 1 тамыз) өзгертілді. Бұл өзгерістер Беларусь экономикасының дедолларизациясын жеделдетуге бағытталған.

Қазақстан Республикасы. МРТ сирек өзгертіледі – соңғы түзетулер 2019 жылы жасалды. Бұл өзгерістер резервтік база құрылымының өзгеруіне байланысты болды: міндеттемелердің 8 түрі 4 түрге дейін қысқартылды (резиденттік принципі алынып тасталды), сондай-ақ кассадағы қолма-қол ақшамен МРТ орындау мүмкіндігі 50%-ға дейін шектелді. Сонымен қатар, түзетулер банктерге қосымша жүктеме түсірмеу үшін нормативтер төмендетілді.

Қырғыз Республикасы. 2023 жылғы қазанда МРТ мөлшеріне қатысты соңғы өзгеріс енгізілді: шетел валютасындағы міндеттемелер бойынша (армян драмы, беларусь рублі, қазақ теңгесі, қытай юані, ресей рублінен басқа) коммерциялық банктер үшін міндетті резерв нормативі артты. Ал ұлттық валютада, ЕАЭО елдері мен Қытай валюталарында және клиенттердің аноним металл шоттарында сақталатын міндеттемелер үшін нормативтер өзгеріссіз қалды.

Ресей Федерациясы. 2023 жылғы маусымда банк секторындағы құрылымдық өтімділік профицитінің динамикасын және кредит ұйымдары балансының дедолларизациясын сақтау қажет екенін ескере келе, міндетті резервтердің нормативтері артты.


Өзбекстан Республикасы. МРТ – АКС-тың белсенді қолданылатын құралы, ал соңғы өзгерістер орташа резервтеу қағидатын кезең-кезеңімен енгізуге байланысты жасалды. Алдағы уақытта міндетті резервтер нормативтерінің есептік базасын кеңейту және банктердің барлық капиталы жоқ міндеттемелерін қамту жоспарда бар. Бұл өзгерістердің негізгі себебі – ішкі және сыртқы ресурс көздеріне бірдей жағдай жасау және шетел кредит желілеріне МРТ талаптарын енгізу.

IV. МРТ стандарттарының қазіргі деңгейлері


Қазақстаннан басқа барлық елдегі норматив деңгейі бір-бірімен салыстыруға келеді. Қазақстанда МРТ нормативтері айтарлықтай төмен деңгейде тұр. Ұлттық валютадағы міндеттемелер бойынша орташа норматив – 4%, ал шетел валютасындағы міндеттемелер бойынша шамамен 15% болады (Қазақстанды қоспағанда) (2-график).

2-график. Аймақ елдеріндегі нормативтерді салыстыру

Ұлттық валютадағы міндеттемелер бойынша, %



Шетел валютасындағы міндеттемелер бойынша, %



* Ресейде ұлттық валютадағы нормативтер базалық лицензиясы бар банктерге – 1%, амбебап лицензиясы бар банктер мен банкке жатпайтын кредит ұйымдары үшін – 4,5%; шетел валютасындағы нормативтер барлық ұйым үшін (одақтас емес елдерді қоспағанда) – 6%, одақтас емес елдердің валютасында – 8,5%.

** Қырғыз Республикасында графикте көрсетілген МРТ нормативтерінен бөлек, мынадай талаптар қолданылады: ЕАЭО елдерінің валюталарында және қытай юанінде міндетті резервтер деңгейі 4,0% мөлшерінде; клиенттердің аноним металл шоттары бойынша міндеттемелеріне – 0% деңгейінде белгіленген.

V. МРТ нормативтерінің деңгейін анықтау

Норматив деңгейін анықтау үшін орталық банктер әртүрлі тәсілдерді қолданады.

Армения Республикасы. Норматив деңгейі міндетті валюта резервтерінің өтімділік буферлерін құру мақсатын негізге алу арқылы анықталады.

Беларусь Республикасы. МРТ негізінен ақша ұсынысының өсу қарқынын реттеу құралы болғандықтан, оның деңгейі инфляция бойынша мақсатқа жету үшін қажет ақша массасы мен рубльдегі ақша базасының параметрлеріне сүйене отырып белгіленеді.

Қырғыз Республикасы. МРТ нормативтерінің мөлшері банк секторының қазіргі үрдістері, АКС-ның көздеген мақсаттары мен күтілетін нәтижелерін негізге аюу арқылы белгіленеді. Қырғызстан ҰБ әртүрлі қаржы-кредит ұйымдарына МРТ сақтау бойынша бірыңғай ережелер енгізу қағидатын ұстанады.

Ресей Федерациясы. МРТ-ның негізгі функциясы – ақша нарығы ставкаларын тиімді басқаруға жағдай жасау. Нормативтердің мақсатқа сай деңгейін бағалау кезінде мына факторлар ескеріледі:

1. Корреспонденттік шоттарға деген сұраныс тұрақты болуы әрі болжауға келуге тиіс. Ол үшін кредиттік ұйымдардың корреспонденттік шоттардағы қаражатты ұстап тұруының негізгі себебі – МРТ-ны сақтау болуы керек.
2. Корреспонденттік шоттар өтімділікті қалыптастыру факторларының құбылмалылығын теңестіруге тиіс. Оның белгісі – өтімділіктің келім-кетімі (төтенше жағдайларды есепке алмағанда) Ресей Банкі операцияларының көлемін ұлғайтудың орнына корреспондент шоттарының деңгейін өзгертуі керек.

Өзбекстан Республикасы. МРТ есептеу кезінде сақталатын негізгі қағида – төлем жүйесінің тұрақтылығы мен төлемдердің үздіксіз жүруіне жағдай жасау үшін қажет өтімділік көлемін анықтау.

VI. Резервтегі активтер

Барлық елде МРТ корреспондент шоттары есебінен орындалады. Сонымен қатар, екі орталық банк (**Беларусь және Ресей**) қатаң механизмді қолданады: МРТ-ның белгілі бір бөлігі арнайы шотта тұрақты түрде ұсталады. Алайда, бұл тәсілден біртіндеп бас тарту үрдісі байқалады (**Ресей Банкі** арнайы шоттағы үлесті 20%-дан 10%-ға дейін төмендетті).

Қырғызстанда резертегі активтер ретінде коммерциялық банктердің ҚРҰБ корреспонденттік шоттардағы қаражаты, ҚРҰБ-дағы банктердің аноним металл шоттарындағы алтын активтері және банкоматтардағы ұлттық валютадағы қолма-қол ақшалар есепке алынады. Дегенмен, коммерциялық банктердің кассасындағы қаражат резервтік активтер құрамына кірмейді. Сонымен қатар, МРТ-ның минимал шегі деңгейде қаражат ұстап тұру талабы да бар.

Ресей, Өзбекстан және Қазақстанда МРТ-ны орындау үшін қосымша қолма-қол ақшалар да пайдаланылады. Қазақстанда МРТ толығымен касса және корреспондент шоттары есебінен орындала алады. Ал **Ресей** мен **Өзбекстанда** кассадағы қаражаттың белгілі бір пайызы нормативтік есептеуден шегеріледі. Мысалы, **Ресейде** банктер ұлттық валютадағы кассадағы қалдықтарды МРТ есебінен 25%-ға дейін алып тастай алады. Ресей Банкі өкілдерінің айтуынша, касса бойынша тым үлкен шегеру МРТ-ны нөлге дейін төмендетіп, банктік сектордағы өтімділікті басқару тиімділігін шектеуі мүмкін. **Өзбекстанда** МРТ есептеу кезінде кассадағы орташа айлық қалдықтың 50%-ы нормативтік талаптардан шегеріледі, ал қалған бөлігі корреспондент шоттар арқылы орындалады.

Өтімділікті басқару мақсатында МРТ-ны орындау үшін **Армениядан** басқа барлық елде резервтегі активтер тек ұлттық валютада құрылады. **Арменияда** ұлттық валютада тартылған қаражатты резервтеу ұлттық валютада жүргізіледі. АҚШ долларымен, еуромен және басқа валюталармен тартылған қаражаттың 1/3 бөлігі – ұлттық валютада, ал қалған 2/3 бөлігі доллар және еуро түрінде резервтеледі.

Барлық ел резервтегі активтердің орташа межесін есептеу әдісін қолданады. **Қырғызстанда** МРТ-ның 70%-ын күн сайын орындау талап етіледі, ал тек 30%-ы орташа есептеледі. **Арменияда** шетел валютасымен тартылған қаражат күн сайын резервтелуге тиіс.

VII. Нормативтерді дифференциациялау

Көптеген орталық банк міндеттемелерді тек валюта түрлеріне қарай бөледі, бұл құралдың қарапайымдылығын сақтауға мүмкіндік береді. **Ресейде** бұдан бөлек, міндеттемелерді кредит ұйымдардың түрлері бойынша да жіктейді (*базалық лицензиясы бар банктер, әмбебап лицензиясы бар банктер және банкке жатпайтын кредит ұйымдары*).

Қазақстанда нормативтер мерзімі мен валюта түріне қарай сараланады. Мерзіміне қарай жіктеу банктерді ұзақмерзімді қор қалыптастыруға ынталандыру мақсатында енгізілген. Жалпы, ҚРҰБ құралды жеңілдету саясатын ұстанады (*2019 жылы резидент қағидаты бойынша жіктеуден бас тартты*).

VIII. Анықтау және қалыптастыру кезеңдері

Армения Республикасы. Резервтелетін қаражат мөлшерін есептеу үшін белгіленген уақыт – бір ай. Міндетті резервтеу нормативі 28 немесе 35 күнде бір рет бекітілген резервтеу кестесіне сәйкес есептеледі.

Беларусь Республикасы. МРТ есептеу кезеңі айдың 1-інен келесі айдың 1-іне дейін белгіленген.

МРТ орындау мерзімі 28 немесе 35 күн (жеті күнге еселенген). Графикті ОБ жыл сайын бекітеді. МРТ орындау кезеңінің бірінші күні әдетте айдың 15-іне тақау, апталық ашық нарық операциялары жүргізілетін күнге тұспа-тұс келеді.

Қазақстан Республикасы. МРТ анықтау және резервтегі активтерді қалыптастыру 28 күнде орындалады және біріне-бірі жалғасады.

Қырғыз Республикасы. МРТ әр төрт апта сайын (28 күн) есептеледі, ал есептік база

алдыңғы төрт апта деректеріне негізделеді. МРТ орындау мерзімі де – 28 күн.

Ресей Федерациясы. Резерв міндеттемелерінің мерзімі – бір ай (есептік кезең). МРТ мөлшерін реттеу есептік кезеңнен кейінгі айдың 12-14 жұмыс күндері аралығында жүзеге асырылады. Орташа орындау мерзімі – (резервті ұстап тұру кезеңі) 4 немесе 5 апта, ол есептік кезеңнен кейін басталып, Ресей Банкінің операциялар графигімен (кредит немесе депозиттік аукциондар) тұспа-тұс келеді.

Өзбекстан Республикасы. МРТ есептеу кезеңі – алдағы күнтізбелік ай. Ай ішіндегі өтімділіктің маусымдық ауытқуларына байланысты міндетті резервтер 28 және 35 күнде құрылады.

IX. Резервтегі активтердің сыйақысы

Резервтегі активтерге сыйақы төлеу – өңірдегі елдерде сирек кездесетін тәжірибе, өйткені МРТ негізінен өтімділікті реттеу және қаржылық тұрақтылықты нығайту құралы ретінде пайдаланылады. ХВҚ деректері бойынша, белгілі бір экономикалық жағдайларда ақша-кредит саясатының қосымша мақсаттарына жету үшін сыйақы төленуі мүмкін.

Қарастырылып отырған елдердің көбісі, соның ішінде Армения, Беларусь, Қазақстан, Ресей және Өзбекстан, резервтерге сыйақы төлеуден бас тартуда. Мұның негізгі себебі – орталық банктің шығындарын барынша азайтуға ұмтылу және ақша нарығының жұмысына кедергі келтіру қаупін болдырмау. Резервтер бойынша пайыздық төлемдер МРТ-ның өтімділікті сіңіру құралы ретіндегі қызметін әлсіретуі мүмкін, әсіресе құрылымдағы өтімділік профицит жағдайда болса. Сонымен қатар, сыйақының болмауы банктерді өтімділікті белсенді басқаруға ынталандырады және олардың банкаралық нарықтағы үлесін арттырады.

Барлық елде резервтегі активтерге сыйақы қарастырылмаған, тек Қырғызстанда ғана банктердің МРТ-ны орындағаны үшін өтемақы (сыйақы) мөлшерлемесі нөл деңгейінде белгіленген. Дамыған қаржы нарығы бар және кредит беру белсенділігіне талап жоғары қойылатын елдерде резервтерге сыйақы төлеу ақша нарығын тұрақтандыруға немесе стресстік жағдайларда банк секторын қолдауға көмектесуі мүмкін.

Осылайша, резервтегі активтерге сыйақы төлеу белгілі бір экономикалық жағдайларда орынды болуы мүмкін, бірақ оны кеңінен қолдану ақша-кредит саясаты үшін ықтимал шығындар мен сын-қатерге байланысты шектеулі болып отыр.

X. МРТ сақтамағаны үшін қарастырылатын санкциялар

Көп жағдайда айыппұл орындалмаған көлем мен күн санына байланысты есептеледі. **Беларусьте, Ресейде және Өзбекстанда** олар негізгі ставканың екі еселенген әсері арқылы күшейтілген, ал **Қырғызстанда** айыппұл санкциялары Ұлттық банктің орташа есептік мөлшерлемесінің үш еселенген көлемінде белгіленген.

Беларусьте, егер банк МРТ-ны орындамаса, келесі орташа есептеу кезеңінде МРТ-ның тұрақты бөлігі жеткіліксіз соманың орташа күндік мөлшеріне байланысты ұлғаюы мүмкін. **Өзбекстанда** МРТ нормаларын орындамағаны үшін банк орташа есептеу құқығынан айырылады және Орталық банк бұл санкцияларды күшіне енген сәттен бастап екі ай ішінде қайта қарауы мүмкін. **Қазақстандағы** айыппұл – ең төменгі есептік көрсеткіште (АЕК) белгіленеді, сондықтан айтарлықтай аз сома. Қайталанған және қатарынан талап бұзғаны үшін шамамен 1,1 млн теңге айыппұл салынады. Егер банк тек бір рет талап бұзса, оған тек ескерту беріледі.

XI. МРТ-ның кредиттеуге әсері

Аймақ елдерінің тәжірибесі көрсеткендей, міндетті резервтік талаптар (МРТ) көбінесе Орталық банктер тарапынан артық өтімділікті арзан жолмен сіңіру құралы ретінде қолданылған және ақша ұсынысына айтарлықтай әсер етпеген.

Арменияда ОБ МРТ-ның ақша-кредит саясатына тікелей ықпал етпейтінін атап өтеді.

Беларусьте монетарлық таргеттеу режимінде МРТ нормативтерінің өзгеруі ақша ұсынысының өсу қарқынына және, тиісінше, экономиканы несиелеу деңгейіне әсер етеді.


Қырғызстанда Ұлттық банк МРТ-ны ақша-несие саясатының мақсаты аясында макропруденциялық шара ретінде қолданады, соның ішінде экономиканы дедолларизациялау үшін. Бұл МРТ-ның экономиканы несиелеуге жанама әсері бар екенін көрсетеді.


Ресейде Орталық банк қазіргі ақша жүйесінде МРТ нормативтері ішкі экономиканы несиелеу көлеміне немесе динамикасына әсер етпейтінін мәлімдейді. Сондықтан Банк Ресей МРТ-ны несиелеу процесіне ықпал ету құралы ретінде пайдаланбайды.

Өзбекстанда кредит беру қарқыны негізінен жоғары сұранысқа байланысты болады. Кредиттің негізгі көзі – банктердің шетелден алған кредиттері мен мемлекеттік кредиттер, олар МРТ талаптарымен реттелмейді. Осы себепті бұрынғы МРТ өзгерістері кредит көлеміне айтарлықтай әсер еткен жоқ.

Эмпирикалық деректер бойынша, МРТ нормативтері мен экономиканы несиелеу көлемі арасында тікелей байланыс анықталған жоқ. Кәсіпкерлікке несиелеу негізінен ұлттық валютада жүргізіледі, тек Өзбекстанда жағдай өзгеше. Қазақстанда МРТ нормативтері ең төмен болғанына қарамастан, несиелеу деңгейі салыстырмалы түрде төмен болып отыр. (3-график).

3-график. Аймақ елдеріндегі кредиттеу қарқынын салыстыру





* -дегі жағдай бойынша ■ 31.12.2022 г. ■ 31.12.2023 г.

** Қырғызстан мен Ресей бойынша ҚРҰБ есептеулері

*** ұлттық валютада берілген кредиттер, ұлттық валютадағы бизнеске берілген кредиттер бойынша ҚРҰБ есептері

ХІІ. МРТ-ны заң аясында реттеу

Қазақстаннан басқа барлық елде МРТ-ны реттейтін нормативтерді өзгерту туралы шешімдер тез қабылданады.

Арменияда МРТ өзгерістері қабылданған сәттен бастап күшіне енеді, егер нақты кешіктірілген мерзім белгіленбесе. Бұл шешімдер сараптамалық талдаудан өтпейді және Орталық банк кеңесінің арнайы тіркеуі талап етілмейді.

Беларусьте МРТ өзгерістері ең көбі **бір ай ішінде** күшіне енеді. Ұлттық банк қажет болған жағдайда сарапшылардың пікірін ескеруі мүмкін, бірақ бұл міндетті емес.

Қазақстанда МРТ нормативтерін өзгерту ұзақ уақыт алады (шамамен 3 ай). Бұл үдеріс «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы мен түрлі сарапшылар кеңестерінің келісуін талап етеді. Сонымен қатар, Қазақстанның кәсіпкерлікке қатысты заңнамасы Ұлттық Банктің бұл мәселедегі дербестігін шектейді.

Қырғызстанда МРТ нормативтері (атап айтқанда, міндетті резервтер мөлшері, ең төменгі шекті деңгей, айыппұл санкциялары және т.б.) бойынша шешімдер Ұлттық банктің шешімімен бірден қабылданады және қоғамдық талқылауды қажет етпейді, сәйкесінше шешім қабылдау процесі **белгілі бір уақытпен шектелмейді**. Дегенмен, өзгерістер МРТ-ның концептуалдық ерекшеліктеріне немесе ережелеріне қатысты болса, олар реттеушілік әсерді талдаудан және қоғамдық талқылаудан өтеді, бұл процесс шамамен үш айға созылуы мүмкін.

Ресейде МРТ нормативтерін өзгерту **бір күннен** (мысалы, дағдарыс кезінде) бірнеше аптаға дейін созылады. Бұл өзгерістер сарапшылармен талқыланбайды және Әділет министрлігінде тіркелмейді.

Өзбекстанда МРТ нормативтерін өзгерту талқылаусыз және тіркеусіз жүзеге асырылады.

Қорытынды

Қазақстанда минимал резерв талаптары (МРТ) ақша-кредит саясатының (АКС) ең пассив құралы саналады. Қазақстаннан басқа талдау жасалған елдердің барлығы бұл құралды белсенді түрде қолданады. Әсіресе Армения, Беларусь, Қырғызстан, Ресей және Өзбекстанмен салыстырғанда, Қазақстандағы төмен нормативтер МРТ-ның тиімділігін шектейді.

Аймақтағы елдердің тәжірибесі МРТ-ны ұлттық экономикалық жағдайларға және стратегиялық мақсаттарға икемді түрде бейімдеуге болатынын көрсетеді. Халықаралық тәжірибе бұл құралды қатаңдату кредит беру қарқынына айтарлықтай әсер етпейтінін дәлелдейді. Керісінше, МРТ-ны белсенді қолдану артық өтімділікті реттеуге, пайыздық ставкаларды тұрақтандыруға және ақша-кредит саясатын барынша тиімді етуге көмектеседі.

Қазақстандағы құрылымдық өтімділік артықшылығы және базалық ставка жоғары болғандықтан, басқаруға кететін шығындардың көптігі МРТ механизмін қайта қарауды қажет етеді. Бұл жүйені жетілдіру үшін нормативтерді біріздендіру және оны қазіргі экономикалық ахуалға сәйкестендіру аса маңызды.

МРТ-ны жетілдіру – Қазақстандағы ақша-кредит саясатын жақсартуға, Ұлттық Банктің дербестігін арттыруға және экономиканың тұрақты дамуына үлес қосуға жол ашатын маңызды қадам. Бұл өзгерістер өтімділікті тиімді басқаруға ғана емес, сонымен қатар ішкі және сыртқы сын-қатерлерге ұлттық экономиканы барынша төзімді етуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылган әдебиеттер тізімі

1. Орталық банктердің жауаптары.
2. <https://www.cba.am/>
3. <https://www.nbrb.by/>
4. <https://www.nbkr.kg/>
5. <https://cbr.ru/>
6. <https://nbu.uz/>
7. IMF, (2022). Technical assistance handbook «Reserve Requirements».
8. Simon Gray (2011). «Central Bank Balances and Reserve Requirements».
9. Кулкаева А.М. (2017). «Обязательные резервные требования: цели использования и структурные элементы», Экономическое обозрение НБРК 2017, №1.